

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF KAZAKHSTAN

АБАЙ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АБАЙ
KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY NAMED AFTER ABAI



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization



«Садықов оқулары:
білім беру кеңістігіне инновациялық
технологияларды енгізу мәселелері және жолдары»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-
практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

26-28 қыркүйек 2013 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Садыковские чтения:
проблемы и пути внедрения инновационных
технологий в образовательное пространство»

26-28 сентября 2013 года

MATERIALS

International scientific-practical conference
The "Sadykov readings:
problems and ways of introduction of innovative
technologies in the educational space"

September 26-28, 2013

Алматы
КазНПУ им. Абая
2013

Шаршун В.А. Использование потенциала ИКТ в сфере правового образования и воспитания: опыт кафедры ЮНЕСКО по информационным технологиям и праву национального центра правовой информации Республики Беларусь.....	370
Хруль О.С. Организационно-содержательный аспект использования ЭОР в учебной деятельности детей с интеллектуальной недостаточностью.....	373

СЕКЦИЯ 4. ПЕРСПЕКТИВЫ ИНТЕГРАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СИСТЕМ ГОСУДАРСТВ-УЧАСТНИКОВ ЕВРАЗЭС

Кузнецов Е.А. Лидер евразийской интеграции.....	376
Ахмедов И.Б. Реформы в системе высшего образования Азербайджанской Республики.....	379
Абдуллина Л.М. Соотношение понятий «права» и «свободы» человека в конституционном праве стран СНГ.....	381
Андашева Б.Н. Только чувством, только любовью, только добром.....	385
Бикенова А.С. Локальный рынок образовательных услуг малого города.....	388
Бочкарева О.В. Диалог как основа гуманизации высшего музыкально-педагогического образования.....	391
Гаппасова Л.А., Молдабаева С.К., Тырттықаева А.С. Қазақстандық қоғамның этникааралық интеграциясындағы Қазақстан Халқы Ассамблеясының ролі.....	393
Зинченко В.В. Стратегия и ценностные ориентиры Болонской системы образовательного процесса в перспективах постсоветской системы высшего образования.....	395
Липай Т.П. Тенденции развития инновационных технологий в образовании.....	400
Оразбекова С.А. Правовой статус межгосударственного совета Евразийского экономического сообщества.....	401
Ахметова Л.С. Современный этап медиаобразования Казахстана: проблемы и пути решения.....	405
Джолдыбаева У.М. Қазақстан Республикасының Ортаазиялық мемлекеттермен интеграциялық ықпалдасуы тарихынан.....	407
Симтиков Ж.Қ. Қазақстанның өркениеттер үнқатысуын нығайтудағы ролі.....	410
Ящук Т.Ф. Организационно-правовые формы и субъекты сотрудничества приграничных территорий в сфере высшего образования (на примере Республики Казахстан и Омской области).....	413
Бермагамбет Р.Е. Перспективы развития образовательного законодательства Республики Казахстан в рамках интеграции образовательных систем государств-участников СНГ.....	415
Байзаков С. Колористические аспекты живописных решений Жанатая Шарденова.....	418
Батурина О.В. Трансформация картины мира в пейзажной живописи Казахстана.....	423
Ишпекбаев Ж.Е. Академик Т.С. Садықовтың Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі ректорлық қызметі.....	428
Тлеужанов А.К. Разработка некоторых аспектов изображения портрета студентами художественно-графического факультета.....	430
Тілеубаев Ш. Шығыстанушы – Ахметов Ілияс жөнінде (тергеу материалдары бойынша).....	432
Мусалаев Н.Н., Селютин Г.Я. Философия и современная образовательная парадигма.....	435
Жұмағұлов Б.С., Жүгенбаева Г.С. Ұлттық тарихты оқытудың заманауи міндеттері.....	438
Қожағұлов Т.М., Әлдібаева С.Ә. Бейнелеу өнерін оқыту нәтижелерін анықтау мәселелері.....	440
Абдулкаримова Г.А. Информационные технологии в подготовке будущих учителей информатики.....	442
Құлжабаев Е.У. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін жобалау пәнін оқытуға, шығармашылыққа дайындаудың негіздері.....	443
Михайлова Н.А., Наурызбаева А.Н., Султанова М.Э. Базовые принципы ЮНЕСКО в контексте устойчивого развития казахстанского общества.....	450
Мадалиева Ж.К. К вопросу о взаимодействии религии и искусства.....	455
Селютин Г.Я., Ахметова О.С., Омарова С.А. Проблемы и перспективы внедрения e-learning в малокомплектные школы Казахстана.....	457

образом связано с тем, что обычно определяют как искусство XX века, то есть с модернизмом, являющимся, в первую очередь, торжеством крайнего индивидуализма. Утверждение, что для Пикассо каждая фигура была портретна, не совсем верно. Пикассо всегда сообщал свое собственное настроение тем, кого он изображал, почти игнорируя возможность какого-либо индивидуального проявления настроения портретируемого. В некоторых залах Музея современного искусства собраны десятки изображений одного и того же персонажа. Все они сильно отличаются друг от друга, и понять, почему сегодня Пикассо изобразил Дору Маар или Марию-Терезу Вальтер так, а завтра совсем иначе, невозможно, если не учитывать его собственного состояния духа. Любая фигура у Пикассо становится не портретной, а автопортретной, но парадокс заключается в том, что индивидуализм играет злую шутку с самим собой. Портретность теряется и в автопортретах, и бесконечные эксперименты со своим собственным лицом приводят к тому, что по автопортретам Пикассо мы не можем составить себе никакого впечатления о том, каким он был: его облик дробится в бесконечно разнообразных композициях, для создания которых сам художник становится лишь поводом, ничем не отличающимся от неодушевленного предмета. Все это говорит о кризисе портретного жанра в искусстве авангарда. Можно привести много примеров этого направления. Все эти работы абстракционистского плана не приводят в конечном итоге ни к чему, по этому для последователей реалистической живописи а особенно рассматриваемого нами портретного жанра и совершенно не соответствует поставленной задаче. Искусство портрета требует, чтобы наряду с внешним сходством в облике человека отражались его духовные интересы, социальное положение, типические черты той эпохи, в которую он жил. Автор портрета, не бесстрастный регистратор внутренних и внешних особенностей портретируемого: его собственное мировоззрение, личное отношение художника к модели, его творческая манера накладывает на произведение зримый отпечаток. К тому же, внешнее сходство не единственный, да и пожалуй, не главный критерий художественного достоинства портрета. Главное здесь – зеркало души, лицо, а в лице – выражение глаз. Взгляд устремлен вдаль или уходит вглубь души, он «проходит» сквозь зрителя. Их сила в точно найденной мере частного и общего, конкретно-индивидуального и типического, чувственного и рационалистического, мгновенного и вечного.

Выдающим проявлениям этого жанра характерна творческая осмысленность природы, артистизм, поэтическая образность, обогащенная выразительность средств. Даже в тех случаях, когда личность модели не полностью раскрыта, они все же ярко характеризуют эпоху, выявляют особенности художественных исканий и ее духовной жизни. Острота ощущения эпохи, глубокое чувство времени качественно сильная сторона портретов. Постоянно проводимые специальные выставки портрета, общественный интерес и неослабеваемый зрительский спрос свидетельствует о нужности и значимости портретного жанра.

Литература:

1. Бергер Эрнст. – М.: Государственное Издательство Изобразительных Искусств, 1935. – 606
2. Смирнов Г.Б. Живопись. Уч. изд. – Тарту, 1975. – 136 с.
3. Семенова М.А. Развитие художественно-творческих способностей студентов худ. фак. пед. вузов в процессе занятия акварельной живописи на пленэре: Автореферат. канд. дисс. пед. наук. – Омск, 2006.

ШЫҒЫСТАНУШЫ – АХМЕТОВ ІЛІЯС ЖӨНІНДЕ (ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Ш.Тілеубаев – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институты
Қазақстан тарихы мен мәдениеті кафедрасының доценті, тарих ғылымдарның кандидаты

Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына жиырма жылдан аса уақыт өтті. Ал тәуелсіздік еліміз үшін оңай келмегені өткен тарихымыздан белгілі. Осы тұрғыдан алғанда ұзақ уақыт алдымен патшалық Ресей империясының отарында, одан кейін өзегі Ресей болған Кеңес империясының тоталитарлық жүйенің құрсауында болған ел үшін өткен өмірін қазіргі заманғы сұранысқа лайық қайта зерделеу, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру орынды болса керек. Ол тарихи санамызды дұрыс қалыптастыруда өте маңызды. Біз әлі де болса туған халқын тәуелсіздікке жеткізу жолында тағдырлары тәлкекке түсіп, тауқымет тартқан талай тұлғалардың да өмірі мен атқарған қызметін, т.б. тарихымыздың «қалтарыс» қалған тұстарын өз дәрежесінде зерттеп, толықтай танып біле алмай келе жатқан сияқтымыз. Кеңестік

кезендегі сталинизмнің құрбаны болып, жазықсыз жапа шегіп де әлі күнге дейін аттары аталмай белгісіз болып, есімдерін елдің есінен шығып, ақталмай жатқандары қаншама?

Сталинизмнің іске асырған солақай саясат кезінде жазықсыз айыпталып, саяси репрессияға ұшырап атылып кеткен, есімі елге белгісіз болып келе жатқан алаш зиялыларының бірі, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби шығыстанушы – Ахметов Ілияс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің мұрағатында сақталған № 0828 істегі тұтқындалушының анкетасындағы мәліметке қарағанда Ахметов Ілияс 1897 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының № 4 ауылында дүниеге келген. *Турақты мекен-жайы:* Алматы қаласы, Түркімен көшесі 27 үй. *Мамандығы* – шығыстанушы, мұғалім. *Тұтқындалған тұста* – жұмыссыз болған. *Әлеуметтік шығу тегі* – кедей шаруадан, *әлеуметтік жағдайы* – қызметші. *Білімі* – жоғары, шығыстанушы. *Ұлты* – қазақ, КСРО азаматы. *Әскери есеп категориясы бойынша* – есепте тұрмайды. Ақтардың да, қызылдардың да, контрреволюциялық армиясында да, Кеңес өкіметіне қарсы көтерілістерге қатыспаған. 1930 жылы Алматы қаласында ОГПУ (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма) органдары тарапынан тұтқындалып, қылмыстық құрамы дәлелденбегендіктен тұтқыннан босатылған.

Отбасылық құрамы: әйелі – Ахметова Күлшара 30 жаста, қыздары – Ахметова Нұрылғаш, Адатғаш – 10 және 6 жаста, ұлы – Ахметов Фараби.

1938 жылы 25 наурызда НКВД-ның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы тұтқындаған [1].

Мұрағатта сақталған көлемі шағын ғана осы істегі материалдарға қарағанда Ахметов Ільястан бірнеше рет қана жауап алынған. 1937 жылғы 25 наурыздағы және 7 сәуірдегі тергеу хаттамаларындағы берілген мәліметтер қарағанда Ахметов Ільястың еңбек жолы 1917 жылдан басталған екен. «Өз бегіңізде еңбекке араласқан кезіңізден бастап еңбек жолыңызды айтыңызшы?»-деген сұраққа ол былай деп жауап береді: «1917 жылдың қыркүйегімен желтоқсаны аралығында Семей қаласындағы Земство басқармасы ұйымдастырған педагогикалық курста оқыған. 1918 жылдың қаңтарынан оқу жылы аяқталғанға дейін, дәлірек айтқанда 1918 жылдың маусымына дейін Сырымбет ауылдық мектебінде мұғалім болып жұмыс істедім. Осы жылы Семейде екі айлық педагогикалық курста қайталап оқып, 1918 жылдың күзінен 1919 жылдың шілдесіне дейін Жолтас ауылындағы Қоқан (Кокон) мектебіне мұғалім, 1919-1920 жылдары Шет ауданының Жолтас бодыстық мектебінің меңгерушісі болып жұмыс істедім. Ал, 1920 жылы Қарқаралының халыққа білім беру басқармасы Москва қаласындағы Шығыстану институтына оқуға жіберді. Институтта арасында бір оқу жылына үзіліс алып (1924-1925 оқу жылы) 1926 жылға дейін оқыдым» [2].

1926 жылы Шығыстану институтының Қиыр Шығыс факультетінің Жапон секторын бітіреді. 1926-27 жылдары Қызылорда қаласында «Еңбекші қазақ» өлкелік газетінің редакциясында әдеби қызметкер болып жұмыс істейді. Кейін Ағарту институтында және кеңестік партия мектебінде оқытушы, өлкелік бухгалтерлер курсының меңгерушісі болған. 7 сәуірде берген жауабында 1924 жылдың қарашасында Орынборға келіп өлкелік «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы Смағұл Садуақасовқа келіп жолықтым. Қазақстанның орталығы Қызылордаға көшкеннен кейін 1925-1928 жылдары оқу орындары: Ағарту институтында, Кеңестік партия мектебінде және Өлкелік курстарда тарих пен қазақ әдебиетінен сабақ бердім дейді [3].

1929 жылдан 1930 жылға дейін Алматыда ғылыми қызметкер, Алматының жұмысшы факультетінде (рабфак) оқытушылық қызметтер атқарған. 1930 жылы ОГПУ органдары тұтқындап онда 1930 жылдың қыркүйек айының 1931 жылдың қазанына дейін түрмеде отырған. Түрмеден босағаннан кейін Ташкент қаласына барып онда Қазақ педагогикалық техникумында және Орта Азиялық Түркі институтында оқытушы болып жұмыс істейді. 1934 жылы Алматыға қайтып келіп 1936 жылдың тамызына дейін көпшілік кітапханада (қазіргі Алматыдағы Ұлттық кітапхана – Ш.Т.) ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 1936 жылдың қыркүйегінен 1937 жылдың наурызына дейін Петропавлдағы Ветеринарлық техникумда оқытушы, 1937 жылдың наурызынан бері тұтқындалғанға дейін еш жерде жұмыс істеген [4].

Ал 7 сәуірдегі тергеуде берген жауаптары ол өзіне тағылған айыптардың барлығын «мойындайтынын» айтады [5]. Соған қарағанда тергеушілердің оны тергеу барысында ұрып-соғып, күштеп, тергеудің заңсыз әдістері арқылы мойындатқаны бірден байқалады. Сталиндік тоталитарлық жүйе тұсында репрессияға ұшырағандардың басым көпшілігіне тергеудің заңсыз әдістері арқылы жүргізілгендігі қазіргі кезде белгілі. Сондықтан Ахметов Ільяста сондай заңсыз әдістері негізінде жүргізілген тергеулерден құтыла алмай, істемеген қылмысын «істедім» деп мойындауға мәжбүр болған.

НКВД-ның (Ішкі Істер Халық Комиссарияты) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасының 9-ші бөлімі Айыптау қорытындысы бойынша РСФСР Қылмыстық істер кодексінің 58 – 1а, 58 – 2, 58 – 6

және 11 баптары бойынша кінәлі деп табылған. Аталған баптар бойынша оған: «1917 жылдан бастап кеңес үкіметіне қарсы күрес жүргізген «контрреволюцияшыл-ұлтшыл «Алаш-орда» партиясының мүшесі, «Алаш орданың» жазалаушы әскерінің құрамында еріктілер қатарында болған»; «1922 жылы Шығыстану институтының Қиыршығыс факультетінің жапон секторының студенті кезінде Вада жапон барлау қызметіне Қызыл Армия туралы, оның қару-жарағы, КСРО-ның саяси-экономикалық жағдайы туралы мәліметтер беріп тұратын тыңшы болған»; «1924 жылдан 1926 жылға дейін жапон барлау қызметінің тыңшылары, ұлтшыл-фашистер Сәдуақасов, Тоғжанов, Жүргенов байланыста болып жапон барлаушыларына тыңшылық мәліметтер беріп тұрған»; жеке өзі 100-ге жуық адамнан тұратын көтерілісші жасақ құрып, Қазақстанда көтеріліс жасайтын қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі болды» деген айыптар тағылған болатын. Бұл тағылған айыптардың ешқайсы да дәлелденбеген еді. Ал тергеу барысында оған көрсетілген «қысым» негізінде мойындатылған-ды. Әрине, бұл айыптардың барлығы да НКВД тергеушілерінің қайткенде оны кінәлі етіп шығару үшін «қолдан жасаған» айыптары болатын [6].

Осы тағылған жалған айыптар бойынша Ахметов Ільяс НКВД-ның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы Үштігінің 1938 жылғы 4 қазандағы шешімімен ату жазасына кесіледі. Үштіктің ату жазасы туралы үкімі 5 қазан күні түнгі сағат 23:00-де іске асырылған [7].

Түркістан Әскери Округінің 1958 жылғы 16 маусымдағы шешімімен Ахметов Ільястың ісінде қылмыстық құрамы жоқ деп табылып ақталған [8].

Оның ақталуына жұбайы Ахметова Күлшараның 1957 жылы Қазақстанның Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, КСРО Жоғары Кеңесінің Төрағасына, Солтүстік Қазақстан облыстық Прокуратура-рына жазған хаттары негіз болғаны байқалады. Ахметова Күлшараның жазған хаттарының мазмұнына қарағанда Ахметов Ільяс 1937 жылы «Павлодар қаласына Жер істері Халық Комиссариатынан іссапарға кеткен. Бірнеше күннен кейін Петропавл қаласындағы зоотехникумға сондағы жеке істерін реттеу үшін келген. Одан кейін хабар алмаған...». Хаттарда айтылған ойға қарап сталиндік тоталитарлық жүйенің жеке отбасылардың өмірінде ауыр із қалдырған байқаймыз. Өйткені Ахметов Ільяс 1937 жылы Петропавлда тұтқындалып, бірнеше ай тергеуде болған соң сол жақта атылып кеткен болатын. Оның отбасы ол туралы тек 1958 жылы ғана білген [9].

Жұбайы Ахметова Күлшараға Қаскелең аудандық милициясы арқылы 1958 берілген анықтамада «Қаскелең ауылы Куйбышев көшесі № 32 үйде тұратын Ахметова Күлшараға оның күйеуі Ахметов Ільяс 10 жылға сотталып Еңбекпен түзеу лагеріне жіберіліп, сол жақта 1943 жылы 4 қазанда бауыр ауруынан қайтыс болды деп ауызша хабарлансын» делінген [10].

Осылайша қазақтан шыққан алғашқы кәсіби шығыстанушылардың бірі Ахметов Ільяс кеңестік тоталитарлық жүйенің жүргізген әділетсіз саясатының құрбаны тағдыры тәлкекке түсіп, қырықтың қырқасына шыққан шағында қыршынынан қиылған болатын. Ал, осындай тағдыры тәлкекке түскен адамдар қаншама? Артында іздеуі жоқ, сұрауы жоқ болып жатқан талай адам әліде бар. Сталиндік саяси жүйенің қарапайым адамдарға жасаған қиянатын айтып жеткізу қиын шығар... Қазіргі отандық ғылым салалары саяси қуғын-сүргін саясатын кең түрде зерттеуге алуы керек.

Қорыта келе айтарым, шығыстанушы Ахметов Ільяс туралы осы уақытқа дейін ешқандай зерттеулер жоқ. Сондықтан қазақ халқынан шыққан кәсіби шығыстанушының өмірі мен қызметі зерттеуге тұрарлық деп ойлаймын. Және ол жөнінде отандық тарих ғылымы, басқа да ғылым салалары ол туралы зерттеу жұмыстарын жүргізгені абзал және қайраткер өзіне лайықты әділ ғылыми бағасын алғаны дұрыс деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің мұрағаты (бұдан кейін ҚР ҰҚК СҚО ДМ)
6-қор, 0828-іс, 4-парақ.
2. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 9-н.
3. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 17-н.
4. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 9-н.
5. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 12-н.
6. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 25-28-нн.
7. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 29-30-нн.
8. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 49-нн.
9. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 33-34, 46-47, 49-нн.
10. ҚР ҰҚК СҚО ДМ. 6-қор, 0828-іс, 38-н.